

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ

Филологиялық серия
1997 жылдан бастап шығады



ВЕСТНИК ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА

Филологическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№3 (2024)

Павлодар

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия

выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

О постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPY00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития
Республики Казахстан

Тематическая направленность

публикация материалов в области филологии

Подписной индекс – 76132

<https://doi.org/10.48081/NCYE9704>

Бас редакторы – главный редактор

Жусупов Н. К.

д.ф.н., профессор

Заместитель главного редактора

Анесова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/QXXY3864>***Р. Акегожаева¹, А. Мурзинова², Х. Қораш³**^{1,2}Қазақ ұлттық қыздар

педагогикалық университеті,

Қазақстан Республикасы, Алматы қ.;

³Нийде Омер Халисдемир университеті,

Түркия, Нийде қ.

*e-mail: raya.nurdan91@gmail.com¹ORCID: <https://orcid.org/0009-0008-6435-7128>²ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-2208-3049>³ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-7045-2510>

СКРИПТОНИМДЕР: ЭТНОТІЛДІК САНАДА КОДТАЛҒАН САКРАЛДЫ АҚПАРАТТАР

Мақалада этнотілдік сананың лингвомәдени ұжымның нормалары, құндылықтары мен тәжірибелерін сақтап, болашақ ұрпаққа жеткізудегі рөліне баға беріледі. Шетелдік және отандық ғалымдардың еңбектеріне талдау жасалып, этнотілдік санада қатталған танымдық элементтердің тілдік стереотипті образдарға трансформациялану жолдары туралы ақпарат беріледі. Этнотілдік санадағы қоршаған орта туралы білім мен түсініктердің негізінде қалыптасқан кодтарды «реконструкциялау» – лингвомәдени ұжымның этникалық бірегейлігі мен тілдік санасының ерекшелігін айқындайтын әдіс ретінде баға беріледі. Отандық ғалымдардың тұжырымдарын негіздей отырып, лингвомәдени кодтарды меңгерудің ұрпақтар сабақтастығын жалғастыру, ұлттық бірегейлікті сақтаудағы рөлі туралы айтылады. «Скрипт» термині «белгілі бір жағдайдағы оқиғалар мен әрекеттердің реттілігі» ретінде танылады. «Скрипт» терминінің психология және тіл білімі салаларындағы зерттелуіне шолу жасалып, оның мағыналық аясы «скриптоним» терминімен салыстырылады. Адамның генетикалық жадында құрылымдық-бейсаналық білім ретінде сақталған және гұрыптық рәсімдердің негізінде жасалған лингвомәдени кодтарды скриптонимдер деп тану мәселесі көтеріледі. Скриптонимдер қолданылу аймағының ерекшелігіне қарай диатопты, диастратты және диахронды деп топтастырылады. Түрлі аймақтық рәсімдердің

негізінде қалыптасқан скриптонимдерде шифрланған ақпараттарды ашу арқылы жергілікті этнотілдік сананың бірегейлігін анықтауға болады деген тұжырым жасалады. Теориялық тұжырымдар қазақтың әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлері, этнографиялық зерттеулерден алынған мысалдармен дәйектеледі.

Кілтті сөздер: этнотілдік сана, скрипт, лингвомәдени код, скриптоним, ғұрыптық рәсімдер.

Кіріспе

Кез келген тілдің лексикалық қорында талдау жасау арқылы сол тілдің лингвомәдени әлеуетін, ұлттық менталитетін, бірегейлігін танып, тарихи-әлеуметтік фактілерді анықтауға мүмкіндік беретін тілдік бірліктер болады. Эмпирикалық, мәдени-тарихи, дүниетанымдық даму факторларының әсерінен мұндай бірліктер сакралды сипат алып, мәдени коннотациясының аясы кеңейіп, өзгергенімен, бастапқы мағынасына қатысты тірек-ақпаратты сақтап қалады. Лингвист-ғалымдар бұл ақпарат көздерін лингвомәдени кодтар деп таниды.

Тіл білімінде код ұғымымен қатар «скрипт» термині қатар жүреді. «Скрипт» кодталған мәтінді вербалдау нәтижесін және мәдени нормамен реттелген коммуникативтік қадамдардың реттілігін белгілеу үшін қолданылады [1, 12]. Лингвомәдени скрипт терминін енгізген А. Вежбицкая оған этностардың белгілі бір қарым-қатынас жағдайында өзін-өзі ұстау (соның ішінде сөйлеу) әрекетінің стандартталған қағидасы деген түсінік береді [2, 4]. О. И. Быкова бұл терминнің мағыналық аясын кеңейтіп, ғұрыптық рәсімдердің негізінде түзілген, екіншілік мағынаға ие болған тілдік бірліктерді скриптонимдер [3, 210] деп атайды.

Отандық лингвист-ғалымдар «адам болмысты тілі арқылы таниды. Этномәдени ақпарат санада шифр, код түрінде көрініс табады. Сол арқылы этнотілдік санада тілдік мәндерде кодталған әлем бейнесі көрінеді» деп, этнотілдік санадағы кодталған ақпараттардың белгілі бір тілдік ұжымға және жеке сөйлерменге тән мәдениет әлемінің ерекшелігін сипаттайды деп баға берсе де, сакралды мәнді скриптонимдерді қарастырмайды. Түрлі этнолингвистикалық, этнографиялық зерттеулер жүргізілгенмен, ғұрыптық рәсімдердің негізінде қалыптасқан, екіншілік мағынаға ие болған тілдік бірліктер зерттеу нысаны ретінде қарастырылмайды.

Материалдар мен әдістер

Мақалада Н. Ф. Алифериенко, А. Вежбицкая, О. Жұбаева сынды ғалымдардың этнотілдік сана туралы тұжырымдары теориялық негіз ретінде алынды. «Скрипт», «скриптониим» терминдерін талдау бырысында В. З. Демьянков, М. Коул, О. И. Быкова мен М. В. Хохородинаның ғылыми

пікірлеріне сүйеніп талдау жасалды. Келтірілген тұжырымдарды қазақтың әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлері, этнографиялық зерттеулер туралы жазылған еңбектерден «Қазақтың әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлері», Д. Досжан, Б. Нұржекеевтің шығармаларынан және түрлі бұқаралық ақпарат құралдарынан алынған мысалдармен дәйектелді.

Мақалада екіншілік мағынаға ие болған скриптонимдерге сипаттамалық, этимологиялық талдау, мәліметтерге концептуалды және лингвомәдени түсінік беру әдістері қолданылады.

Нәтижелер мен талқылау

«Этнотілдік сана» терминін толық түсіну үшін адамның санасы феноменіне тән сипаттарды қарастырған жөн. Сана – адамға тән ойлау жүйесінің ең биік формасы. Санада бізді қоршаған ортадағы объективті шындықтың бейнесі көрініс тауып, ішкі форма мен мағынаны байланыстыратын когнитивті процестер орын алады. Нәтижесінде халықтың ұжымдық тәжірибесіне сай келетін, ұлттық-мәдени бояуы қанық кодталған ұғымдар пайда болады.

Көптеген ғалымдар (А. Вежбицкая, И. В. Привалова) этнотілдік сана деп ұлттық мәдениет пен ұлттық психология ерекшеліктеріне теңдестірілген әлемнің тілдік бейнесін танып, әр лингвомәдени ұжымның дүниетанымында этнотілдік сананың бірегейлігін анықтайтын әлеуметтік стереотиптер мен когнитивті үлгілер жүйесі болады деп санайды. Ал Н. Ф. Алиференко этнотілдік сана мен ғаламның тілдік бейнесі ұғымдарын өзара шатастыруға болмайды дейді. Себебі этнотілдік сана вербалды білімдерді ғана емес, бейсаналық білімдерді де қамтиды дейді. Ғалымның пікірінше, этнотілдік сана – рефлексия және қоршаған әлемді стереотипті қабылдаудың нәтижесі [4].

А. Ф. Сагитова мен А. К. Сулейменованың пікірінше, бір сөздің мағынасы мен сыртқы бейнесі әр тілде әртүрлі болуы мүмкін. Яғни тіл өзінің тасымалдаушысының этнотілдік санасында сол тілге ғана тән семантикалық түсініктер арқылы көрінетін ұлттың тілдік бейнесін қалыптастырады» [5, 620]. И. В. Привалова этнотілдік сананы когнитивті-эмотивті және аксиологиялық құрылымдардың ансамблі деп танып, олардың маркерлері ұлттық мәдениеттің ерекшелігіне сәйкес өзгеріп отырады деген пікір білдіреді [6, 10].

Н. Ф. Алиференконың пікірінше, концепт, фрейм, скрипт және т.б. жинақталған стереотиптік түсініктер этнотілдік санада лингвомәдени ұжымның өмірінде маңызды орын алған заттар, фактілер мен оқиғалардың прототиптік белгілерімен байланысты қалыптасады. Ғалым заттар мен құбылыстардың оқиғалардың өзіндік айқындаушы, ерекше белгілерін прототиптік белгілер деп таниды [7, 7]. Бұндай белгілердің жиынтығы мен тарихи дамуы әр лингвомәдени ұжымда әртүрлі болуы мүмкін. Яғни белгілі

бір объект этнотілдік санада сол объект туралы қалыптасқан түсінікке сәйкес қабылданып кодталады.

Біздіңше, этнотілдік сана белгілі бір ортақ атауы, мәдени және генетикалық жады бар этникалық топтың барлық өкіліне тән. Этнотілдік сана этномәдени ұжым әлемінің бейнесі ретінде адамның когнитивті қызметінің элементтерін тілдік стереотипті образдарға (мақал-мәтелдер, фразеологизмдер, троптар, идиомалар, фреймдер, концептілер, скриптер және т.б.) трансформациялайды, олар өз кезегінде бағалауыштық, сакралдық қасиетке ие болып, жинақталған құрылымдық-бейсаналық білім ретінде адамның генетикалық жады деңгейінде сақталады.

Бұл білім хаотикалық сипатта емес, мыңдаған жылдар бойы өз тұрақтылығын сақтап, бір-бірін толықтырып отыратын лингвомәдени нормалар жиынтығы ретінде көрініс табады. Нәтижесінде мәдени нормалар адамдарға қандай да бір жағдайда не айтып, қандай әрекет орындау керетігін нұсқап отыратын мінсіз образдар ретінде сипатталады. Адамның когнитивті-бағалауыштық таным тәжірибесінің нәтижесі болған этнотілдік санадағы бұл образдар лингвомәдени кодтар түрінде сақталады. Біз өз зерттеуімізде мұндай кодтарды скриптонимдер ретінде қарастырамыз. Мақалада «скриптоним» терминін талдамас бұрын, алдымен «скрипт» терминін талдауды жөн көрдік.

Ғылымда скрипт термині «белгілі бір жағдайдағы оқиғалар мен әрекеттердің реттілігі» [8] деп түсініледі. В. З. Демьянков лингвомәдени скрипт деп дискурсивтік санада репрезенттелген және тілдік санадағы мәдени концептілерде тұрақталған динамикалық-когнитивтік, бұйрық мәнді құрылымдарды таниды [9, 172].

Когнитивті лингвистикада скрипт динамикалық сипаты бар когнитивтік құрылым ретінде танылады. Фрейм белгілі бір жағдайға қатысты статикалық құрылым болса, скрипт стереотиптік жағдай немесе стереотиптік әрекет туралы концептуалды құрылым деп сипаттайды [10, 96].

Ал когнитивті психология саласындағы ғалымдар скриптердің жеке тұлғаның қоғам мен оның мәдениетін меңгеріп, сіңісіп кетуіндегі рөлі туралы сөз қозғайды. Мәселен, М. Коул скрипт деп «адамдар белгілі бір оқиғаларға қалай қатысатынын, онда қандай рөл атқаратынын, қандай объектілерді пайдаланатынын анықтайтын жағдаяттық үлгілерді» таниды [11, 150].

Бергін келе, «скрипт» термині теориясының қалыптасу барысында бұл түсініктің мағыналық аясы кеңейіп, толықтырыла бастады. Мәселен, О. И. Быкова ғұрыптық рәсімдерді кең мағынасында белгілі бір әрекеттердің жоспары болғандықтан, оларды да скриптер ретінде қарастыра аламыз дейді. Ал «ғұрыптық рәсімдердің және оларға қатысты атрибуттардың, рәсімді орындаушы субъектілердің атауларын» скриптонимдер деген терминмен белгілейді [3, 212].

Біздің ойымызша, «скриптоним» терминінің мағыналық аясы кеңірек, ұлттық-мәдени бояуы қанық, ақпараттық қуаты басым. Скриптонимдерде халықтың этнотілдік санасының бірегейлігін танытатын құнды ақпарат көзі, лингвомәдени кодтар жатыр.

Осы тұрғыда ғалым О. Жұбаева этнотілдік санадағы кодтарды игерудің ұрпақтар сабақтастығындағы рөлі туралы келесідей пікір білдіреді: «Әр тіл дүниені өзінше бейнелейді. Адам болмысты тілі арқылы таниды. Этномәдени ақпарат санада шифр, код түрінде көрініс табады. Сол арқылы этнотілдік санада тілдік мәндерде кодталған әлем бейнесі көрінеді... Жастардың үлкендердің сөзін түсіне алмауы немесе ақын-жазушылардың шығармаларын түсіне алмауы этномәдени кодты игере алмау салдарынан туындайды» [12, 56–57].

Ғалымның пікірін қуаттай отырып, есте сақтау адамға тән қасиет болғанмен, ұлтқа тән этнотілдік сананы тұтастай бір ұжым құрайды деп есептейміз. Адам сол ұжымның этнотілдік санасындағы лингвомәдени кодтарды меңгермей, қоғамға сіңісіп кетуі қиындайды немесе өзінің түп негізінен ажырайды.

Жоғарыда айтқанымыздай, лингвомәдени кодтардың түзілуіне тарихи, географиялық, діни-мәдени көзқарастар тікелей әсер етеді. О. И. Быкова мен М. В. Хохородина екінші мәнді этноконнотатты скриптонимдердің ономастикалық қасиетінің жоғары екенін айта келіп, этноконнотатының құрамында құрылымы «маркерлі ерекшелеуші-белгі /локус/ – аймақтық қатысымдылық және белгілі бір ортада қолданылу /элеуметтік диалект/» ерекшелігі болатынын сөз етеді. Осыған қарай скриптонимдерді қолданылу аймағының ерекшелігіне қарай диатопты, диастратты және диахронды деп бөледі: диатопты – нақты әкімшілік-аумақтық орталыққа ғана тән салт-дәстүрлер, мерекелер, ойындарға қатысты рәсімдердің атауының негізінде жасалған скриптонимдер; диастратты – лингвомәдени кеңістіктегі белгілі бір элеуметтік топқа, яғни ұлтқа ғана тән ғұрыптық рәсімдер ұйытқы болған скриптонимдер; диахронды – қоғамның саяси-элеуметтік құрылуындағы түрлі тарихи кезеңдердегі оқиғалардың негізінде пайда болған рәсімдер ұйытқы болған скриптонимдер [13, 57–58].

Ғалымның топтастыруына сүйене отырып, біз скриптонимдердің диахронды нұсқалары деп, белгілі бір тарихи-географиялық аймақта орналасқан түрлі этнос өкілдерінің әдет-ғұрып, салт дәстүрлерінің негізінде қалыптасқан ортақ лингвомәдени кодтар ұйытқы болған скриптонимдерді танимыз. Қазақстанның әр аймағында басқа өңірлерде кездеспейтін ғұрыптық рәсімдер бар. Тарихи даму барысында осындай аймақтық рәсімдерге қатысты ақпараттар да тілдік бірліктерге, яғни лингвомәдени кодтарға трансформацияланады. Нәтижесінде бұндай кодтардағы шифрланған

ақпараттарды ашу аймақтық этнотілдік сананың бірегейлігін анықтауға септігін тигізеді.

«*Жарыс қазан*» *рәсімі* – босану тым ұзаққа созылған жағдайда өткізілетін рәсім. Көбінесе Жетісу қазақтарының арасында кездеседі. «Жарыс қазанды егде әйелдер мен күйеуі жағынан жақын туыстары жиналып, босанушы әйелдің үйінде өткізетін болған. Қазанға ет салып, оны бала дүниеге келгеннен бұрын тезірек пісіруге тырысқан. Әдетте бұндай жағдайда «Қара қазан тез піседі ме, қара әйел (қатын) тез босана ма?» дейтін болған. Наным бойынша сәби бұл «жарысқа» қатысып, тезірек жарыққа шығуға тырысқан» [14]. Қазіргі кезде технологияның дамуымен бұл рәсім ұмыт болған. Дегенмен бүгінде «жарысқазан» сөзі науқаншылдық, бір-бірімен бақталасу жарысу мәнінде қолданылады. Мыс.: Қазір мектепте сабақ берумен қатар, түрлі себеппен іс-шара өтуден «жарысқазан» ұйымдастырылып жатқандай (Қазақстан ұстаздары).

«*Қолға су құю*» *рәсімі* – Сыр-Арал қазақтарының берік ұстанатын отбасылық рәсімдерінің бірі. Күнделікті тұрмыста, жиын тойда, өлім-жітімде үлкен кісілердің қолына жасы кіші ер бала иығына сүлгі салып алып, құман мен леген ұстап, жағалап жүріп, қолдарына су құйып шығады [15]. Бұл рәсімнің тәрбиелік маңызы жоғары, себебі үлкендер қолына су құйған балаға «бақытты бол, көп жаса» деп батасын беріп отырған. Осы рәсімнің негізінде қолға су құю тіркесі сакралдық мәні күшейіп, қызмет ету, батасын алу мағынасындағы скриптотимге ұйытқы болған. Мыс.: Бұл көкең кешегі осынау Ақмола медициналық институтын бітіріп, кілең, кеудесіне нан піскен орыс, еврей білгіштерін паналап, солардың қолына су құйып жүріп, әуелі санитарлық-эпидемиологиялық стансаға бастық болды (Д. Досжан).

Территориялық, тарихи ерекшеліктеріне қарамастан, лингвомәдени ұжымның барлық өкілдеріне ортақ салт-дәстүрлер мен ғұрыптық рәсімдер де бар. Бұл рәсімдер этномәдени ұжымды біріктіруші, басқа этностық топтардан ерекшелеуші лингвомәдени кодтар түзеді. Мәселен, Қазақстанның барлық аумағында орындалатын рәсімдер бар. Оларға жеке-жеке тоқталып, талдау жасайық.

«*Жеті шелпек тарату*» *рәсімі* – қайтыс болған кісіні еске алып, соның рухына құран бағыштау үшін жеті шелпек пісіріп, қонақ шақырып, шай берген немесе көршілерге бөліп таратып берген. Кейде көшеде ойнап жүрген балаларға да үлестіріп бере салатын болған. Осы рәсімнің этнотілдік санадағы мағынасы ұйытқы болып, бұл тіркеске тегін беру, оңды-солды тарату деген екіншілік коннотаттық мағына үстелген. Мыс.: Мемлекеттің жері – жұма сайын оңды-солды тарататын «*жеті шелпек*» емес. Ол дегеніміз – мемлекеттің баға жетпес байлығы, егемендігіміздің қайнар көзі», – деді вице-министр (tengrinews.kz).

«Хан талау» – қазақ халқына ғана тән дәстүр. Бұл – ел сенімін ақтамаған, өзінің нашарлығын танытқан басқарушының мал-мүлкін түк қалдырмай бөліп алу. Бұл барымта емес, халық шешімі бойынша жүзеге асатын жаза [16, 44]. Хандар билігі жойылып, басқару жүйесі өзгерген уақытта бұл рәсімнің прототиптік мағынасына жапа-тармағай таласып, тартысу, бөлісу екіншілік коннотаттық мағынасы үстелген. Мыс.: Кейде қуаныш елігіп, кейде күдік қобалжытып, анталаған ой қызды бейне ханталапайға салып, паршалап әкеткелі жатқандай (Б. Нұржекеев). Осы аттас ұлттық ойын (ханталапай – асықтарды шашып жіберіп, талапайға салу ойыны) да бар.

Белгілі бір географиялық аумақта өмір сүріп, мәдени-тарихи байланыста болған этнос өкілдерінің ғұрыптық рәсімдеріне қатысты символдық, лексикалық бірліктерді салыстырмалы талдау ортақ ұғымдардың түп-тамырын, ортақ лингвомәдени кодтарын ашуға мүмкіндік береді. Мәселен, түркі халықтарында ертеден келе жатқан ортақ салт-дәстүрлер, ғұрыптық рәсімдер өте көп. Солардың бірі – құрбан шалу рәсімі.

Құрбан шалу – ата-баба аруағын қастерлеу, жоғары күштерге табыну салтымен тығыз байланысты көне діни ғұрыптық рәсімдердің бірі. Түркілердің дүниетанымындағы бұл рәсімнің түп негізі космогониялық түсініктермен байланысты болса керек. Құрбан шалу рәсімі көптеген түркі халықтарында кездеседі. Мәселен, қазақ тілінде осы рәсімге байланысты қалыптасқан құрбан болу скриптонимі бар. Бұл тіркестің мағынасы кеңейіп, жазықсыз болу, кінәсіз жазалану, жанын қию екіншілік мағынасы үстелген. Мыс.: Жер шарында қан-төгіс болып, халқы жазықсыздан-жазықсыз құрбандыққа шалынып жатқан мемлекеттер қаншама (Орталық Қазақстан газеті).

Құрбан шалу рәсімі түрік халқында да бар. Түріктер де қазақ халқы секілді құрбандыққа көбінесе жылқы және қой сойған. Құрбан шалу рәсімі ежелгі түрік мифологиясымен байланыстырылады. Бүгінгі түркі тілінде осы рәсім негізінде қалыптасқан скриптонимдер бар. Қазақ тіліндегі секілді кінәсіз жазалану, жазықсыз болу екіншілік мағынасына ие.

Осы секілді түркі халықтарына ортақ салт-дәстүрлер мен ғұрыптық рәсімдер күллі түркі халқының, мәдениетінің, менталдылығы мен менталитетінің ұқсастықтарының символы болып табылады. Оларды тілдік талдау ұқсас этникалық мәдени константаларды ашып, ежелгі түркілердің менталды әлемін тануға жол ашады.

Қорытынды

Қорытындылай келе, этнотілдік санадағы лингвомәдени кодтар белгілі бір қоғамда қалыптасқан құндылықтарға негізделген бағыт-бағдар іспетті болады. Біздіңше, адам өзі өмір сүріп отырған ұжымының этнотілдік санасындағы сондай лингвомәдени кодтарды меңгермей, сол қоғамға сіңісіп

кетуі қиындайды немесе өзінің түп негізінен ажырайды. Біз өз зерттеуімізде халықтың этнотілдік санасының лингвомәдени ұжымның нормалары, құндылықтары мен тәжірибелерін сақтап, болашақ ұрпаққа жеткізудегі рөлін жан-жақты қарастырдық. Этнотілдік санадағы қоршаған орта туралы білім мен түсініктердің негізінде қалыптасқан кодтарды реконструкциялау арқылы лингвомәдени ұжымның этникалық бірегейлігін, тілдік санасының ерекшелігін айқындайтын бірден-бір әдіс.

Осы тұрғыда адамның генетикалық жадында құрылымдық-бейсаналық білім ретінде сақталған, ғұрыптық рәсімдердің негізінде жасалған лингвомәдени кодтарды скриптонимдер деп таныдық. Скриптонимдер қолданылу аймағының ерекшелігіне қарай диатопты, диастратты және диахронды деп бөлінеді. Түрлі аймақтық рәсімдердің негізінде қалыптасқан скриптонимдерде шифрланған ақпараттарды ашу арқылы жергілікті этнотілдік сананың бірегейлігін анықтауға болады. Белгілі бір географиялық аумақта өмір сүріп, мәдени-тарихи байланысы болған этнос өкілдерінің ғұрыптық рәсімдеріне қатысты символдық, лексикалық бірліктерді салыстырмалы талдау арқылы олардың менталды әлеміндегі ұқсастықтарды тануға мүмкіндік береді.

Пайдаланылған деректер тізімі

1 **Моторина, Н. В.** Лингвокультурные скрипты традиционного коммуникативного поведения в России и Англии: автореф. дис. ... канд. филол. наук [Текст] // Волгоград. – 2013. – 22 с.

2 **Вежбицкая, А.** Русские культурные скрипты и их отражение в языке [Текст] // Русский язык в научном освещении. – 2005. – № 2. – С. 4.

3 **Быкова, О. И.** Этноконнотация как вид культурной коннотации: на материале номинативных единиц немецкого языка [Текст]. – Воронеж: Voronezh State University. – 2005. – 277 с.

4 **Alefrenko, N.** Language as a state of ethno-cultural consciousness [Text] // XLinguae. – 2015. – Т. 8. – № 3. – С. 2–18.

5 **Сагитова, А. Ф., Сулейманова, А. К.** Языковое сознание как синтез универсального и этнически специфичного [Текст] // Мир науки, культуры, образования. – 2018. – №. 2(69). – С. 619–622.

6 **Привалова, И. В.** Языковое сознание: этнокультурная маркированность (теоретико-экспериментальное исследование) [Мәтін] // М. : Институт языкознания РАН. – 2006. – 50 с.

7 **Алефиренко, Н. Ф.** Стереотипы и прототипы в этнокультурном пространстве языка [Мәтін] // Вопросы журналистики, педагогики, языкознания. – 2010. – Т. 8. – № 24(95). – С. 5–11.

8 Общая психология. Словарь. – URL : <http://www.insai.ru/slovar/skript> (дата обращения : (29.03.2023).

9 **Демьянков, В. З.** Скрипт / Краткий словарь когнитивных терминов [Мәтін]. – М. – 1996. – С. 172–174.

10 **Croft, W., Cruse, D. A.** Cognitive linguistics [Text]. – Cambridge University Press. – 2004.

11 **Коул, М.** Культурно-историческая психология–наука будущего [Мәтін]. Litres. – 2022.

12 **Жұбаева, О.** «А. Байтұрсынұлы–когнитивті лингвистиканың метатілін қалыптастырушы»[Мәтін]. TILTANYM. – 2017 – (1) – 52–59.

13 **Хорохордина, М. В., Быкова, О. И.** Вторичные скриптотимы как отражение национального сознания в сфере ритуализованной деятельности немецкоязычного культурного пространства [Мәтін] // Вестник Воронежского государственного университета. Серия: Лингвистика и межкультурная коммуникация. – 2015. – №. 2. – С. 56–61.

14 Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. 1-том: біртұтастығы және ерекшелігі [Мәтін]/ Құраст. С.Әжіғали – Алматы : «Арыс» баспасы, – 2005. – 328 б.

15 **Қаратаева, Т.** Сыр-арал этнографиясы [Мәтін]/. – Алматы : «Қазақ кітабы» баспасы. – 2022. – 512 б.

16 **Тауекелов, Н. Б. Tauekelov N. B.** Дәстүрлі қазақ қоғамындағы халық билігінің маңызы мен рөлі [Мәтін]// Вестник КазНУ. Серия Юридическая. – 2019. – Т. 55. – №. 3. – С. 43–46.

References

1 **Motorina, N. V.** Lingvokul'turny'e skripty` tradicionnogo kommunikativnogo povedeniya v Rossii i Anglii: [Linguocultural scripts of traditional communicative behavior in Russia and England] [Text] abstract of diss. ... cand. philol. sciences. / N. V. Motorina // Volgograd, 2013. – 22 p.

2 **Vezhbiцkaya, A.** Russkie kul'turny'e skripty` i ix otrazhenie v yazy`ke [Russian cultural scripts and their reflection in the language] [Text] // Russian language in scientific coverage. – 2005. – № 2. – P. 4.

3 **By`kova, O. I.** E`tnokonnotaciya kak vid kul'turnoj konnotacii: na materiale nominativny`x edinicz nemeczkogo yazy`ka [Ethnoconnotation as a type of cultural connotation: on the material of nominative units of the German language] [Text]– Voronezh : Voronezh State University, 2005. – 277 p.

4 **Alefirenko, N.** Language as a state of ethno-cultural consciousness // XLinguae. – 2015. – Т. 8. – № 3. – P. 2–18.

5 **Sagitova A. F., Sulejmanova A. K.** Yazy`kovoє soznanie kak sintez universal`nogo i e`tnicheski specifichnogo [Linguistic consciousness as a synthesis of the universal and ethnically specific] [Text] // The world of science, culture, education. – 2018. – №. 2 (69). – P. 619–622.

6 **Privalova, I. V.** Yazy`kovoє soznanie: e`tnokul`turnaya markirovannost` (teoretiko-e`ksperimental`noe issledovanie) [Linguistic consciousness: ethno-cultural labeling (theoretical and experimental research)] [Text] // M.: Institute of Linguistics of the RSA. – 2006. – 50 p.

7 **Alefirenko, N. F.** Stereotipy` i prototipy` v e`tnokul`turnom prostranstve yazy`ka [Stereotypes and prototypes in the ethno-cultural space of the language] [Text] // Questions of journalism, pedagogy, linguistics. – 2010. – T. 8. – № 24(95). – P. 5–11.

8 **Obshhaya psixologiya** [General psychology]. Slovar` [Dictionary]. – URL: <http://www.insai.ru/slovar/skript> (date of application: (29.03.2023).

9 **Dem`yankov, V. Z.** Skript/ Kratkij slovar` kognitivny`x terminov [Script/ Short dictionary of cognitive terms] [Text]. – M., 1996. – P. 172–174.

10 **Croft, W., Cruse, D. A.** Cognitive linguistics [Text]. – Cambridge University Press, 2004.

11 **Koul, M.** Kul`turno-istoricheskaya psixologiya–nauka budushhego [Cultural and historical psychology-the science of the future] [Text]. Litres, 2022.

12 **Zhubaeva, O.** «A. Baitursynuly – kognitivti lingvistikanyn metatilin qalyptastyrushy» [A. Baitursynuly-formative of the metalanguage of cognitive linguistics] [Text]. Tiltanym 1 (2022): P. 52–59.

13 **Xoroxordina, M. V., By`kova, O. I.** Vtorichny`e skriptonimy` kak otrazhenie nacional`nogo soznaniya v sfere ritualizovannoj deyatel`nosti nemeczkoyazy`chnogo kul`turnogo prostranstva [Secondary scriptonyms as a reflection of national consciousness in the sphere of ritualized activity of the German-speaking cultural space] [Text]// Bulletin of the Voronezh State University. Series: Linguistics and Intercultural Communication. – 2015. – № 2. – P. 56–61.

14 **Qazaq khalqynyn dasturleri men adet-gurypтары** [Traditions and customs of the Kazakh people] [Text]. 1-tom: birtutastygy zhane erekshegi [Volume 1: unity and specificity]/ Compiled by: S.Azhigali – Almaty: Publishing house «Arys». 2005. – 328 p.

15 **Qarataeva, T.** Sy`r-aral e`tnografikasy[syr-aral ethnography] [Text]/ – Almaty: Publishing house «Qazaq kitabı», 2022. – 512 p.

16 **Taukelov, N. B. Tauekelov, N. B.** Dastyrlı kazaq qoramy`ndary` xaly`q biliginıń mańy`zy` men rölı [The importance and role of people`S power in traditional Kazakh society] [Text]// Bulletin of the KazNU. Legal Series. – 2019. – T. 55. – № 3. – P. 43–46.

15.12.23 ж. баспаға түсті.

10.04.24 ж. түзетулерімен түсті.

26.08.24 ж. басып шығаруға қабылданды.

**Р. Акегожаева¹, А. Мурзинова², Х. Кораи³*^{1,2}Казахский национальный женский

педагогический университет,

Республика Казахстан, г. Алматы;

³Университет Нииде Омер Халисдемир,

Турция, г. Нииде.

Поступило в редакцию 15.12.23.

Поступило с исправлениями 10.04.24.

Принято в печать 26.08.24.

СКРИПТОНИМЫ: САКРАЛЬНАЯ ИНФОРМАЦИЯ, ЗАКОДИРОВАННАЯ В ЭТНОЯЗЫКОВОМ СОЗНАНИИ

В статье дается оценка роли этноязыкового сознания в сохранении и передаче будущим поколениям норм, ценностей и опыта лингвокультурного общества. Проанализированы труды зарубежных и отечественных ученых, рассказано о путях трансформации закрепленных в этноязыковом сознании познавательных элементов в языковые стереотипные образы. Реконструктивность кодов, сформированных на основе знаний и представлений о различных деталях окружающей среды в этноязыковом сознании, оценивается как уникальный метод, определяющий этническую идентичность, специфику языкового сознания лингвокультурного коллектива. Обосновываясь на выводах отечественных ученых, обсуждается вопрос о роли овладения лингвокультурными кодами в продолжении преемственности поколений, сохранении национальной идентичности. Термин «скрипт» рассматривается как последовательность событий и действий в конкретной ситуации. Поднимается вопрос о признании лингвокультурных кодов, построенных на основе ритуальных обрядов, хранящихся в генетической памяти человека как структурно-бессознательные знания скриптонимами. Скриптонимы группируются как диатопические, диастратные и диахронные в зависимости от специфики области применения. Делается вывод, что, раскрывая зашифрованную информацию в скриптонимах, сформированных на основе различных региональных обычаев, можно определить уникальность местного этноязыкового сознания.

Теоретические выводы подкрепляются примерами из казахских обычаев, этнографических исследований.

Ключевые слова: этноязычное сознание, скрипт, лингвокультурный код, скриптоним, ритуальные обряды.

*R. Akegozhayeva¹, A. Murzinova², H. Korash³

^{1,2}Kazakh National Women's

Pedagogical University,

Republic of Kazakhstan, Almaty;

³Niide Omer Halisdemir University,

Turkey, Niide.

Received 15.12.23.

Received in revised form 10.04.24.

Accepted for publication 26.08.24.

SCRIPTONYMS: SACRED INFORMATION ENCODED IN ETHNO-LINGUISTIC CONSCIOUSNESS

The article assesses the role of ethno-linguistic consciousness in the preservation and transmission to future generations of norms, values and experience of linguistic and cultural society. The works of foreign and domestic scientists are analyzed, the ways of transformation of cognitive elements fixed in the ethno-linguistic consciousness into linguistic stereotypical images are described. The reconstructiveness of codes formed on the basis of knowledge and ideas about various details of the environment in the ethno-linguistic consciousness is evaluated as a unique method that determines ethnic identity, the specifics of the linguistic consciousness of the linguistic and cultural collective. Based on the conclusions of Russian scientists, the question of the role of mastering linguistic and cultural codes in the continuation of the intergenerational continuity, the preservation of national identity is discussed. The term «script» is considered as a sequence of events and actions in a specific situation. The question is raised about the recognition of linguistic and cultural codes built on the basis of ritual ceremonies stored in human genetic memory as structurally unconscious knowledge by scriptonyms. Scriptonyms are grouped as diatopic, diastratic and diachronic, depending on the specifics of the application. It is concluded that by revealing encrypted information in scriptonyms formed on the basis of various regional customs, it is possible to determine the uniqueness of the local ethno-linguistic consciousness. Theoretical conclusions are supported by examples from Kazakh customs, ethnographic studies.

Keywords: ethnolinguistic consciousness, script, linguocultural code, scriptonym, ritual ceremonies.

Теруге 26.08.2024 ж. жіберілді. Басуға 26.09.2024 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

4,12 МБ RAM

Шартты баспа табағы 30,39. Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген: А. К. Темиргалинова

Корректор: А. Р. Омарова, М. М. Нугманова

Тапсырыс № 4273

Сдано в набор 26.08.2024 г. Подписано в печать 26.09.2024 г.

Электронное издание

4,12 МБ RAM

Усл. печ. л. 30,39. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка: А. К. Темиргалинова

Корректор: А. Р. Омарова, М. М. Нугманова

Заказ № 4273

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.vestnik.tou.edu.kz